

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 16 маусымдағы
№ ДС-238 хатқа

Құрметті депутаттар!

Су ресурстарын тиімді басқару мәселесі бойынша депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Су ресурстарының бірыңғай есебін жүргізу мәселесі бойынша

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК АҚ-мен бірлесіп табиғи ресурстардың интерактивті картасын жасау бойынша жұмысты бастады.

Интерактивті картаны құру геоақпараттық платформада су объектілерін көрсете отырып, табиғи ресурстардың бірыңғай кадастрын қалыптастыруға, Су шаруашылығы жағдайының жай-күйі туралы жиынтық талдамалық ақпаратты (dashboard) визуализациялай отырып, су шаруашылығы саласындағы есептілікті автоматтандыруға, сондай-ақ су объектілері мен гидротехникалық құрылыстарды паспорттауды электрондық форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік пайдалануға беру 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жоспарланып отыр. Өнеркәсіптік пайдалануға беру 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы.

Сондай – ақ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитеті (бұдан әрі – ҚР ИИДМ Геология комитеті) өңірлік зерттеулер жүргізуде, оның ішінде республиканың 13 облысындағы 17 объект бойынша жерасты суларының гидрогеологиялық жағдайлары мен химиялық құрамының қазіргі жай-күйі туралы ақпаратты өзектендіру үшін 1:200000* масштабтағы гидрогеологиялық жете зерттеу және гидрогеологиялық түсіру.

Зерттеу нәтижелері жер асты суларын іздеу және барлау үшін учаскелерді таңдау, техногенез нәтижесінде гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайлардың өзгеруінің сапалы болжамын жасау, сондай-ақ жер асты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мәселелерін шешуге қызмет етеді.

Бұрын жүргізілген жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат ҚР ИИДМ Геология комитетінің «Қазгеоақпарат» РММ республикалық және аумақтық қорларында ашық қолжетімді.

Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша жерді қашықтықтан зондтауды (бұдан әрі – ЖҚЗ) қолдану және су ресурстарының бірыңғай есебін жүргізу бойынша далалық верификацияны қолдану арқылы суармалы жерлерде су тұтынуды мониторингілеу және талдау мақсатында «Hydrospace» цифрлық платформасын (бұрын – су секторы үшін шешімдер қабылдаудың геоақпараттық жүйесі) құру мәселесі пысықталуда.

Бұдан басқа, 2018 жылдан бастап су объектілерінің цифрлық деректер базасын құру және ғарыштық мониторинг бойынша ауқымды және жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Осы мақсатта 2023 жылы Жамбыл облысының гидротехникалық құрылыстары мен суармалы жерлерін сәйкестендіру және түгендеу жұмыстары аяқталды. Суаруға арналған суды есепке алудың мобильді қосымшасы жасалды.

Қазіргі уақытта Түркістан облысы бойынша суару үшін суды есепке алудың геоақпараттық сервисін (геосервис) құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

2023 жылдың соңына қарай фермерлердің суға өтінімдерін беру бөлігінде бизнес-процестерді одан әрі өңдеу және «Қазсушар» РМК-мен суару шартын жасасу арқылы автоматтандыру жоспарлануда. Автоматтандыру суару арналарының жай-күйіне және суару алқаптарында су тұтынуға мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл жұмысты 2023 жылы үш облыс (Жамбыл, Түркістан және Қызылорда) бойынша аяқтау және 2024 жылдан бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында су ресурстарын тұтыну мониторингін масштабтау жоспарлануда.

Тұтастай алғанда, геосервисті енгізу нәтижелері автоматтандырылған режимде су тұтыну лимиттеріне сәйкес суару нормаларын сақтауды және бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл цифрлық форматта есепке алуды жүргізуге, шығындарды айқындауға және су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су ресурстарын басқару агенттігін құру бойынша

Бүгінгі таңда Президенттің 2019 жылғы 17 маусымдағы Жарлығына сәйкес құрылған Экология және табиғи ресурстар министрлігі су қорын пайдалану және қорғау бойынша өзіне жүктелген функцияларды толық көлемде орындайды.

Осыған байланысты қазіргі уақытта су ресурстары бойынша жеке ведомство құру мәселесі қаралмайды.

Су пайдаланушыларды суды үнемді пайдалануға ынталандыру бойынша

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында қазіргі заманғы суару жүйелерін сатып алуға, сондай-ақ қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуге арналған шығындардың 50% инвестициялық субсидиялау бағдарламасы жүргізілуде. Бұдан басқа, шаруалардың құзыреттілігін арттыру және суарудың заманауи технологиялары туралы білімді тарату мақсатында тұрақты негізде консультациялар, семинарлар және өндірістік оқыту бағдарламалары өткізіледі.

Бұл шаралар шамамен 280 мың га аумақта су үнемдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік берді.

Бұл ретте, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 750 мың гектарға дейінгі алаңда су үнемдеу технологияларын (тамшылатып суару, бүрку) кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, облыс әкімдіктері 2025 жылға дейін су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша өңірлік жол карталарын бекітті.

Су шаруашылығы объектілерін салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттамаларды тексеру бойынша

Жаңадан салынып жатқан су шаруашылығы немесе гидромелиорациялық объектілер үшін бірінші кезекте техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленеді және тиісті құрылыс сараптамасы жүргізіледі.

«Мемсараптама» РМК оң қорытындысын алған жағдайда Ұлттық экономика министрлігі экономикалық талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша экономикалық бағалау беріледі. Осы кезеңдерден өткеннен кейін жобалау-сметалық құжаттама әзірленеді.

Жобалау кезінде дизайнер тиімді техникалық шешімдерді таңдайды (*салыстырылатын 3 нұсқаның ішінен*), техникалық тапсырма негізінде таңдауды тапсырыс берушімен келіседі.

Сонымен қатар, жобаның құрылысын іске асыру кезінде техникалық және авторлық қадағалау қатысады.

«Қазсушар» РМК халықаралық қарыздарының ағымдағы жағдайы бойынша

«Қазсушар» РМК Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерін реконструкциялау және ирригация мен дренажды қалпына келтіру жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің (бұдан әрі – ЕҚДБ) (*173,8 млн доллар*) және Ислам Даму Банкінің (бұдан әрі – ИДБ) (*143 млн доллар*) қарыздарын мемлекеттік кепілдікпен тартты.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЕҚДБ қарызы бойынша игеру 60,0 млн долларды, ИДБ қарыздары бойынша 26,7 млн долларды құрады.

«Қазсушар» РМК-ның осы қарыздар бойынша жалпы борышы 80 млн доллар (*ЕҚДБ алдында-53,4 млн доллар, ИДБ алдында 26,7 млн доллар*).

Көрсетілген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелер «Қазсушар» РМК-мен уақтылы және толық көлемде төленетін болады.

Ұлттық қордан жобаларды қаржыландыру қағидалары бойынша

Бюджет Кодексінің 23-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Ұлттық қордың қаражаты Президенттің шешімі бойынша келесілерді қаржыландыру үшін жұмсалады:

- экономиканың құлдырауы немесе экономиканың өсу қарқынының баяулауы кезеңіндегі дағдарысқа қарсы бағдарламалар;

- ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, оларды қаржыландырудың баламалы көздері болмаған кезде стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін.

Бюджеттік Кодекстің 46-бабының 8-тармағына сәйкес нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды (*«Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 126 бұйрығы*).

Жалпы, ұлттық қордан су қауіпсіздігі мәселелерін шешуге қаржы бөлу тәжірибесі орын алады.

Мәселен, ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде Ұлттық қордан гидротехникалық құрылыстар мен топтық су құбырларын қайта жаңарту және салу жөніндегі жобаларды іске асыруға шамамен 6,5 млрд теңге бөлінді.

Ә. Смайылов